

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

«Мерекенмен анашым» ертеңгілігі
№3 “Аққу” ортаңғы тобы



Тәрбиешілері: Искакова Р.Ж
Утегенова Л.У

2025 жыл

Әдемі безендірілген залға себет толы гүлмен екі тәрбиеші ортаға "Анашым" әнін орындап шығады. Ән орындалып болған соң себеттегі гүл ұстаған қыздар шығып, орындарына отырады.

«Акку» тобының жігіттерін қошеметпен қарсы алыңыздар. (сербалалар гүл береді)

Жүргізуші: Құтты болсын осы шаттық күніңіз

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз

Жүргізуші: Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар әжелер аналар! Бүгін 8-наурыз

Халықаралық Аналар күні мерекесіне арналған «Мерекеңмен анашым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

- дей отыра бүлдіршіндеріміз аналарымызға арнаған «Мерекеңмен анашым» әнін тамашалаңыздар.

Е.Әмина

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші наурызың!

Қасымда бол арқашан

Жансын жарық жұлдызың.

Аксезім

Менің әжем, гүл әжем,

Алтын әжем, күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тілі әжем.

Адина

Аналарды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Дара

Анам- өмір шырағы

Анам-өмір бұлағы

Бесігімнің жыр әні

Жүрегімде тұрады

Жүргізуші: Күн жарқырап жылынып

Көктем бізге тағы келді

Аналардың мерекесін

Өзіменен ала келді

Ертегілер елінен

Аналарға сый келді.

Залға әуенмен көңілсіз «Ару көктем» кіреді.

Жүргізуші:-Ару көктем саламатсыз ба, сіз неге көңілсізсіз, не себеп болды?

Көктем:- Мені ешкім 8 наурыз мерекесімен құттықтамады.

Жүргізуші:-Олай болса Ару көктем Акку тобының жігіттерінің құттықтауын қабыл алыңыз.

Бекназар

Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелі анашым
Әлпештеген баласын
Айналайын анашым

Азиз

Аспандағы айымсың,
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам.

К.Нұрислам

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз.

Ербатыр

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым.

Н.Нұрислам

Мәпелеп мені өсірген
Ризамын мен өзіңе.
Ана деген керемет
Сыйлап өтем өмірде.

Әли

Ана пана,
Ана дана.
Өмірге әкелетін
Ана ғана.

Н.Алихан

Ақ сүт берген балаңа,
Күш-жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған.

К.Алихан

Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Аналарды ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Бексұлтан

Бесіктерін әнімен

Тербетуде аналар.

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар.

Марсель

Аялы алақан,

Әлпештеп өсірген.

Аяулы жана анам

Қатемді кешірген

Б.Нұрислам

Ақ жаулықты әжемді

Ай жүзіне теңедім

Мейірімін таусылмас

Күн нұрына теңедім.

Көктем: Ой, қандай керемет, көңіл күйім көтеріліп қалды.

Жүргізуші: Бізде қуаныштымыз сіздің көңіл күйіңізді көтере алғанымызға.

Көктем: Рахмет бүлдіршіндер расында өнерлі екенсіндер ал, мен Көктемді күтіп отырған жандарға барып көтеріңкі көңіл сыйлап қайтайын (музыка әуені) Сахнаға әже шығады.

Әже; Ой амансындар ма, балаларым мен мерекеге арнап бауырсақ пісірген едім.

Қандай керемет қызыл шырайлы бауырсақ болып шықты

Жүргізуші: Әже бауырсағыңыз суысын терезенің алдына қойыңыз. Сіз шаршаған боларсыз, дем алып отырып балалардың «Торғай» әнін қабыл алыңыз.

(әнді тыңдап болған әжеміз шаруасымен залдан шығып кетеді)

Бауырсақ: (Отыра-отыра іші пысқан бауырсақ)

Мында ешкім келмейді

Мені неге жемейді

Барайын мен орманға

Көрінейін аңдарға.

Алдынан қоян шығады.

Қоян: Бауырсаққа қарап сен кімсің?

Бауырсақ: Мен дәмді, қызыл шырайлы бауырсақпын. Сен мені жегің келмей ме?

Қоян: Мен арасына сәбіз, орамжапырақ салып пісірілген бауырсақты жақсы көремін. Ал саған не қосылған?

Бауырсақ: Ештеңеде қосылмаған

Қоян: Олай болса мен сені жемеймін, бірақ бір билегім келіп тұрғаны.

Жүргізуші: Ендеше мың бұралған биші қыздарымыздың «Лялечка» биін тамашалайық.

Қоян рахмет айтып кетіп қалады, ал бауырсақ әнін айтып одан әрі домалай жөнеледі. Алдынан қасқыр шығады.

Қасқыр: Сен кімсің?

Бауырсақ: Мен дәмді ,қызыл шырайлы бауырсақпын.Сен мені жей ғой

Қасқыр: Бауырсақ емес, мен кішкентай лақтарды жақсы көремін

Жүргізуші: Біздің арамызда лақтар жоқ, бірақ балаларымыз сізге арнап тақпақтарын айтып береді.

С.Амина

Теңдесі жоқ данасың,

Арқа сүйер панасын.

Еңбегінді ақтаймын

Аман болшы анашым.

Айзере

Анашым анам

Келгенше шамам

Үмітіңді ақтап

Азамат болам

Айбибі

Анам,анам,ақ анам

Мен өзіндей ақ балаң

Айтқан тілінді аламын,

Жұмсағанда барамын.

Акмарал

Анаң болса қасыңда

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі

Мейірімді ғой керемет.

Аякөз

Бәріңізде анасын

Біз үшін күн боп жанасың

Құтты болсын мейрамың

Құттықтаймын анашым.

-Балалардың тақпағын тындап болған қасқыр кетіп қалады.Ал бауырсақ одан әрі домалай әнін айтып кетеді.Алдынан қорбандап аю шығады.

Аю:Сен кімсің?

Бауырсақ: Мен дәмді қызыл шырайлы бауырсақпын, сен мені жей ғой.

Аю: Қандай қызық ерекше бауырсақ мені же дейді ғой,жоқ мен сені жемеймін маған тәтті бал болса не көңілді би болса .

Олай болса аю біздің кішкентай қыздарымыздың «**Маша**» биін қабыл ал!

Аю: Керемет биледіндер , рахмет сендерге , сау болыңдар!

-Бауырсақ одан әрі домалап,әнін айтады.Алдынан түлкі шығады.

Түлкі: Сен кімсің?

Бауырсақ: Мен дәмді қызыл шырайлы бауырсақпын, сен мені жей ғой.

Түлкі: Қой қарағым, мен диетада отырмын, сені жеп семіріп кетермін, бауырсақ сен білесің бе? Бүгін аналардың мерекесі, одан да маған тақпақ айтып беріндерші?

Айша

Мен анамды сүйемін
Сөзің ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған немін.

Хадиша

Менің әжем бұл әже
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже.

Түлкі: Рахмет сіздерге балалар

Жүргізуші: Бауырсақ сонымен сені ешкім жеген жоқпа


Бауырсақ: Ия

Жүргізуші: сен абыржыма ,бүгін үлкен мереке оданда қоян,қасқыр,аю,түлкіні
балалармен бірге әжеңе қонаққа шақыр.

Бауырсақ: Дастархан жайып дарыған
Жақсылықтан бақыт шашқан
Әжем сізге қуанар
Аңдар және балалар
Ұйытқысы жанұяның берекеміз
Аналар құтты болсын мерекеміз
Әрқашан аналарым аман болса
Алаңсыз бақытты өмір біз кешеміз!

Дей отырып балаларымыздың өз қолдарымен жасаған гүл шоқтарын табыстаймыз.

Жүргізуші: Би билеп ән мен күйде аяқталды
Уақытта біраз жерге таяп алды
Көктеммен қоса келген
Аналар мерекесіне арналған
Ертеңгілік мерекесі тәмамдалды.





Мерекенмен анашым

